

Славен ауылының "Ж.А. Жатиев" жеке кәсіпкерінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 28 шілдедегі № 8 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округі әкімінің 20.09.2022 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарабалық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2022 жылғы 20 шілдедегі № 01-20/164 ұсынысы негізінде Қособа ауылдық округінің әкімі ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің Славен ауылының "Жатиев Жанболат Адильханович" жеке кәсіпкерінің аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаменті Қарабалық аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарабалық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотия ошағында ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізу үшін қажетті санитариялық-эпидемияға қарсы және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізу ұсынылсын.

3. "Қособа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет –ресурсында орналыстырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз атымда қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің м.а.

М. Велин

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау
және қадағалау комитетінің
Қарабалық аудандық
аумақтық инспекциясы"
ММ басшысы

_____ М. Балмагамбетова

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің
ветеринария басқармасы"
ММ Қарабалық ауданы
бойынша мемлекеттік
ветеринариялық дәрігері

_____ Ж. Джаксыбаева

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы әкімдігі
ветеринария басқармасының
"Қарабалық ауданының
Ветеринариялық станциясы"
КМК директорының м.а.

_____ К. Султанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау комитеті Қостанай
облысының санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
департаменті Қарабалық аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы"

РММ басшысының м. а.

_____ С. Ибраева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК